

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы « 20 » шілдедегі
№ 509 қаулысына
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Самұрық-Қазына»
ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының арасындағы
өзара іс-қимыл туралы келісімге енгізілетін өзгерістер**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 1599 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімде:

«Үкімет пен Қордың арасындағы өзара іс-қимыл мәселелері, оның ішінде Қор қызметінің мәселелері бойынша оған Үкіметтің қоятын талаптары» деген 3-бөлімде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Үкімет Қор акцияларының меншік иесі ретінде Қорды оның органдарының – жалғыз акционерінің, Қордың директорлар кеңесінің (бұдан әрі – директорлар кеңесі), Қор басқармасының (бұдан әрі – басқарма) тиімді басқаруы үшін жағдайларды қамтамасыз ету арқылы Қордың Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру жөніндегі мақсаттарға және Қордың даму жоспарына қол жеткізуіне ықпал етеді.

Үкімет Қорға коммерциялық акционерлік қоғам ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың жарғысында көзделген шекте толық жедел дербестік береді.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қор өз қызметін Заңда айқындалған, сондай-ақ Қордың даму жоспарында бекітілген мақсаттар мен міндеттерді іске асыру шеңберінде ғана жүзеге асырады.»;

7-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қордың шоғырландырылған іс-шаралар жоспарының іске асырылуы мониторингін;»;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Қордың инвестициялық қызметі, егер директорлар кеңесі өзгеше шешім қабылдамаса, Қордың даму жоспарына сәйкес нарықтық қағидаттарда жүзеге асырылады.

13. Үкімет бастама жасайтын, Қор немесе Қордың тобына кіретін ұйымдар іске асыратын әлеуметтік маңызы бар және/немесе өнеркәсіптік-

инновациялық жобаларды рентабельділігі төмен жобаларға жатқызу туралы шешімді Қордың директорлар кеңесі қабылдайды. Мұндай жобаларды қаржыландыру туралы шешімді де Қордың директорлар кеңесі қабылдайды.».
